

Ақын Хамит Ерғалиевтың есімін есте қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 мамырдағы N 466

Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, аса көрнекті ақын Хамит Ерғалиевтың есімін есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласының әкімі:

ақын тұрған Алматы қаласының Абылай хан даңғылындағы 122 үйдің маңдайшасына ескерткіш тақта орнатсын;

Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісім бойынша белгіленген тәртіппен Алматы қаласының орталық көшелерінің біріне Хамит Ерғалиевтың есімін берсін;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп Хамит Ерғалиевтың қоғамдық қорын құруға жәрдем көрсетсін.

2. Алматы облысының әкімі Алматы қаласының "Кеңсай" зиратындағы Хамит Ерғалиевтың кабіріне ескерткіш орнатсын.

3. Атырау облысының әкімі:

Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісім бойынша Атырау облысының Исатай ауданындағы Новобогат селосын Хамит-қала деп қайта атасын; ақынның туған жерінде Мұражай үйін ашсын.

4. Атырау қаласының әкімі Атырау қаласының орталық көшелерінің біріне Хамит Ерғалиевтың есімін берсін.

5. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі:

Хамит Ерғалиевтың өмірі мен шығармашылығы туралы деректі фильм шығарсын.

6. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі "Хамит Ерғалиев: замандастарының естеліктерінде" деген кітап басып шығаруды жүзеге асырсын.

7. Министрліктер мен ведомстволар 1999 жылға арналған шаралардың жоспары мен басылымдардың тізбесін бекіткен кезде 1999 жылға арналған республикалық бюджетте 08 "Демалысты ұйымдастыру және мәдениет саласындағы қызмет" функционалдық тобы бойынша көзделген қаражаттың есебінен және оның шегінде осы қаулының 5,6-тармақтарында көзделген шараларды жүргізуді ескерсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК